

DOI: <https://www.doi.org/10.32523/2791-0954-2023-7-3-90-103>

**Халықаралық құқық нормаларына сәйкес кәмелетке
толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығын мемлекетішілік
қорғаудың өзекті мәселелері**

Ергалимова Ақбопе Нұрмұханбетқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті 2-курс докторанты
Астана, Қазақстан

e-mail: Akbope_80kz@mail.ru

ORCID: 0000-0003-4143-9100

Түйіндеме. Кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы жасалынатын қылмыстық құқық бұзушылықтар санының жыл санап өсуі - еліміздегі кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты күшейту қажеттілігін туындатуда. Елімізде кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қамтамасыз ету саласында халықаралық және ұлттық деңгейде бірқатар құжаттар қабылданғанымен, кәмелетке толмағандардың қоғам мен отбасындағы қауіпсіздіктері әлі де сақталмай келеді. Мемлекеттік құзыретті органдардың статистикалық мәліметтеріне көз жүгіртетін болсақ кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы жасалынып жатқан қылмыстардың санының әлі де болса азаймай тұр. Кәмелетке толмағандардың ерекше бір санатын-мүмкіндігі шектеулі балалар құрайды. Денсаулық жағдайының түрлі ерекшеліктеріне байланысты мүмкіндігі шектеулі балалар жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылықтың құрбандарына айналу қаупі өте жоғары. Алайда, бұл туралы құқыққорғау органдарына хабарлану мүмкіндігі төмен болғандықтан бұл санаттағы балаларға қатысты жасалған қылмыстар латентті сипатта қалады.

Мақалада кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардың қауіптілігі мен оған әсер етуші факторлары сипатталады. Мақала авторымен еліміздегі кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың соңғы жылдардағы статистикалық мәліметтері зерттеледі. Сонымен қатар кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардың алдын - алуды жетілдіруде тиімді шешу жолдары ұсынылады.

Негізгі сөздер: кәмелетке толмаған балалар, жыныстық қолсұғылмаушылық, жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық, қамқоршылық және қорғаншылық органы, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, мүмкіндігі шектеулі бала, бала құқықтары туралы Конвенция.

Актуальные вопросы внутригосударственной защиты половой неприкосновенности несовершеннолетних в соответствии с международным правом

Ергалимова Акбопе Нұрмұханбетқызы

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева докторант 2-курса

Астана, Казахстан

e-mail: Akbope_80kz@mail.ru

ORCID: [0000-0003-4143-9100](https://orcid.org/0000-0003-4143-9100)

Аннотация. Ежегодный рост количества уголовных преступлений, совершаемых против половой неприкосновенности несовершеннолетних, порождает необходимость усиления государственной политики в сфере защиты прав и свобод несовершеннолетних в стране. Несмотря на принятие ряда документов на международном и национальном уровне в сфере защиты и обеспечения прав и свобод несовершеннолетних в стране, безопасность несовершеннолетних в обществе и семье по-прежнему не сохраняется. По статистике компетентных государственных органов, количество преступлений против половой неприкосновенности несовершеннолетних по-прежнему не снижается. Особой категорией несовершеннолетних являются - дети с ограниченными возможностями здоровья. Дети с ограниченными возможностями здоровья подвергаются очень высокому риску стать жертвами сексуального насилия. Однако из-за малой вероятности донесения до правоохранительных органов преступления, совершенные в отношении детей данной категории, остаются латентными.

В статье описана опасность уголовных преступлений против половой неприкосновенности несовершеннолетних и факторы, влияющие на нее. Автор статьи рассматривает статистику преступлений против половой неприкосновенности несовершеннолетних в стране за последние годы. При этом предлагаются эффективные решения по совершенствованию профилактики уголовных преступлений против половой неприкосновенности несовершеннолетних.

Ключевые слова: несовершеннолетние дети, половая неприкосновенность, сексуальное насилие, опека и попечительство, Всемирная организация здравоохранения, ребенок с ограниченными возможностями, Конвенция о правах ребенка.

Current issues of domestic protection of sexual integrity of minors in accordance with international law

Yergalimova Akbope

Doctoral student L. Gumilyov Eurasian National University

Astana, Republic of Kazakhstan

e-mail: Akbope_80kz@mail.ru

ORCID: [0000-0003-4143-9100](https://orcid.org/0000-0003-4143-9100)

Abstract. The annual increase in the number of criminal offenses committed against the sexual integrity of minors gives rise to the need to strengthen state policy in the field of protecting the rights and freedoms of minors in the country. Despite the adoption of a number of documents at the international and national level in the field of protecting and ensuring the rights and freedoms of minors in the country, the safety of minors in society and family is still not maintained. According to statistics from the competent government bodies, the number of crimes against the sexual integrity of minors is still not decreasing. A special category of minors are children with disabilities. Children with disabilities are at very high risk of becoming victims of sexual violence. However, due to the low likelihood of being reported to law enforcement agencies, crimes committed against children in this category remain latent. At the same time, effective solutions are proposed to improve the prevention of criminal offenses against the sexual integrity of minors.

Keywords: minor children, sexual integrity, sexual violence, guardianship and guardianship, World Health Organization, child with disabilities, Convention on the Rights of the Child.

Кіріспе. Отбасы қоғамның негізгі әлеуметтік бөлшегі болып табылатыны ертеден белгілі. Отбасы - болашақ дені сау ұрпақты өсіретін, еңбек нарығын жұмыс күшімен қанықтыратын, жас ұрпақтың рухани және физикалық дамуының негізін қамтамасыз ететін, мәдениет пен адамгершілік, білім нәрімен сусындауына мүмкіндік тудыратын ең негізгі институт.

Сондықтан кез - келген мемлекет отбасының қызмет етуіне қолайлы жағдай жасау арқылы ғана емес, сонымен бірге отбасының, оның мүшелерінің, кәмелетке толмағандардың және олардың ата-аналарының рухани және физикалық даму мүдделеріне зиян келтіргені үшін, оның құқықтарын бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілікті белгілеу арқылы салауатты отбасылық қатынастарды қорғауға және дамытуға мүдделі.

Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды зорлық-зомбылықтың кез-келген түрінен қорғау – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Ұлттық статистика бюросының 2022 жылғы мәліметтеріне сүйенсек, елімізде 6 485 507 кәмелетке толмаған балалар өмір сүруде, олардың 51,5 % –ұл балалар болса, 48,5 %-қыз балалар. [1] Кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың жоғары деңгейі соңғы жылдардағы қоғамның аса өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Оның өзектілігі – бұл қылмыстың адамдардың ең осал, әлсіз санаты - балаларға қатысты жасалатындығымен сипатталады.

Материалдар мен әдістер. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялап, өзін демократиялық, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырған сәттен бастап кәмелетке толмаған балалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды жүзеге асыру мақсатында 45-ке жуық нормативтік-құқықтық акт қабылданып, 15-ке жуық халықаралық құжат ратификацияланды. Олардың қатарында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясымен 1948 жылы 10 желтоқсанда қабылданған Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясы, 1966 жылғы 16 желтоқсандағы азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пакт, 1985 жылы 20 қарашада қабылданған Бала құқығы туралы Декларация, 1989 жылы 20 қарашадағы Бала құқықтары туралы Конвенцияның ерекше маңызы бар.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 24-бабы 1-бөлігінде әрбір баланың тіліне, дініне, шығу тегіне, нәсіліне, түр-түсіне, ұлттық және әлеуметтік шығу тегіне, мүлiктік немесе туылу жағдайына қарамастан отбасы, қоғам, мемлекет тарапынан жан-жақты қорғалуымен қатар сол құқықтарды толығымен қамтамасыз ету үшін мемлекеттер тиісті шараларды қабылдауы қажет екендігіне аса мән береді. [2] 1985 жылы 20 қарашада қабылданған Бала құқығы туралы Декларациясының Преамбуласы балалардың бақытты балалық шағын және олардың жеке тұлға ретінде Декларацияда көзделген барлық құқықтар мен бостандықтарды еркін пайдалануын қамтамасыз ету мақсатында ата-аналарды, ерікті ұйымдарды, жергілікті билік органдарын, үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдарды барлық заңнамалық және басқа да қажетті шараларды қабылдауға шақырады. [3]

Бала құқықтары туралы Конвенцияның (ары қарай - Конвенция) 1-бабына сәйкес, «Конвенцияның мақсаттары үшін, егер бала, қолданылатын заңға сәйкес кәмелеттік жасқа ертерек толмаса, 18 жасқа толмаған әрбір адам бала болып табылады» делінген. [4]

Конвенциясының 34-бабында «қатысушы мемлекеттер баланы жыныстық қанаудың және жыныстық зорлық-зомбылықтың барлық түрінен қорғауға міндеттенеді. Осы мақсатта қатысушы мемлекеттер, атап айтқанда, ұлттық, екіжақты және көпжақты деңгейлерде:

a) баланы кез - келген заңсыз жыныстық әрекетке итермелеу немесе мәжбүрлеуді болдырмау үшін;

b) балаларды жезөкшелікте немесе басқа да заңсыз сексуалдық әрекеттерде пайдалануды болдырмау үшін;

c) порнографиялық материалдарда балаларды пайдалануды болдырмау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды» деп көзделген. [4]

Бүгінгі заң әдебиеттерінде жыныстық сипаттағы зорлық – зомбылық ұғымына ғалымдар тарапынан түрлі анықтамалар берілген. Мысалға алсақ, Я. М. Яковлевтің пікірінше, жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық «жәбірленушінің жыныстық мүддесіне қарсы және еркінен тыс, қоғамдағы жыныстық қатынастың қалыптасқан тәсілін бұза отырып, субъектінің өзінің не өзге адамның жыныстық қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған

қылмыстық заңмен қарастырылған қоғамға қауіпті әрекеттері». А. Н. Игнатов келесідей анықтаманы ұсынады «жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық-кінәлінің өзінің немесе басқа адамдардың жыныстық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған жыныстық қатынастың қоғамда қалыптасқан тәсілін және жыныстық моральдың негізгі қағидаттарын өрескел бұзатын әлеуметтік қауіпті әрекеттер». Б. В. Даниэльбектің пікірі де жоғарыдағы авторлармен етене ұқсас, яғни, оның ойынша жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық дегеніміз «Өзінің немесе басқа біреудің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, қоғамдағы жыныстық қатынастың қалыпты құрылымына қол сұғатын жыныстық сипаттағы әлеуметтік қауіпті әрекеттер». [5]

Сонымен, жоғарыда аталған авторлардың пікірлерін қорытындылай келе, жыныстық сипаттағы қылмыстар – бұл заңмен қорғалатын жыныстық қол сұғылмаушылық пен жеке адамның жыныстық бостандығына, сондай-ақ кәмелетке толмаған адамдардың моральдық және физикалық дамуына қарсы бағытталған қоғамға қауіпті, қылмыстық заңда жазалау қатерімен тийым салынған әрекеттер деп қорытынды жасауға болады.

Кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық дегеніміз - баланың еркімен және (не) оның еркінен тыс және (не) оның дәрменсіз жағдайын пайдаланып оған қатысты жасалынған кез-келген жыныстық сипаттағы әрекеттер. Кейбір ғалымдардың пікірінше, жыныстық зорлық-зомбылық – ересек адамдардың жыныстық қанағаттану немесе материалдық пайда алу мақсатында баланы түрлі жыныстық әрекеттерге тартуы ретінде қарастырылған. [6,с.10] Жыныстық зорлық - зомбылық әрекеттері баланы қорқыту, аңду, балаға қатысты әдепсіз әрекеттер жасау жолымен зорлауға әрекеттену және онымен жыныстық қатынасқа түсуден тұрады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 120, 121, 122, 123, 124-баптарында кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылыққа деген құқықтарын қамтамасыз ететін, оларға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтар жасалған жағдайда қылмыстық жауаптылықты белгілейтін қылмыстық-құқықтық нормалар бар, бұл баланың құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық құқық нормаларына сәйкес келеді.

Еліміздің қылмыстық заңнамасының талаптарына сәйкес кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылыққа деген құқықтарына қарсы қылмыстар үшін істі жәбірленушімен татуласуына байланысты, белсенді өкінуіне байланысты тоқтатуға заңды түрде тыйым салынған. Кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылықтарына қарсы қылмыс жасаған адамдар соттылығы бойынша ескіру мерзімінің өтуіне байланысты жазасын өтеуден босатылуға және шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға жатпайды. Осы санаттағы тұлғаларға қатысты жазаның өтелмеген бөлігі жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылмайды, жазаны өтеуді кейінге қалдыруға жол берілмейді, оларға рақымшылық актісі де қолданылмайды.

Жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық қылмыстарының түрлік объектісі- жеке тұлғаның жыныстық қолсұғылмаушылыққа деген құқығы мен жыныстық бостандығы. Қылмыс объективтік жағынан жәбірленушінің жыныстық мүддесіне зиян келтірген немесе зиян келтіру қаупін тудырған тек қана белсенді әрекеттерден тұрады. Қылмыстың субъектісі - ақыл-есі дұрыс, қылмыс құрамына байланысты қылмыс жасаған уақытта 14, 16 жасқа толған жеке тұлға. Субъективтік жағынан бұндай қылмыстар тек қана тікелей қасақаналықпен жүзеге асырылады. Осылайша, жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, қылмысқа барудағы ниет-мақсат жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық қылмыстары үшін субъективтік жақтың міндетті белгісі болып табылмайды деген қорытынды жасауға болады, өйткені бұл топтағы қылмыстар бұзақылық ниетпен, кек алу мақсатында, сондай-ақ пайда табу мақсатында болуы мүмкін. Жауаптылық пен жаза тағайындау кезінде қылмыскердің қылмыс жасаудағы ниет –мақсаты маңызды рөл атқармайды.

Жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық қылмыстарының құрамы негізінен формальдық сипатқа ие, яғни, қылмыстан кейінгі зардаптардың туындаған туындамағанына қарамастан қылмыс басталған сәттен бастап аяқталған болып саналады.

Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 120-бабына сәйкес зорлау- жеке тұлғаның жыныстық қолсұғылмаушылық құқығы мен жыныстық бостандығына қарсы қылмыстардың аса ауыр санатын құрайды және бұндай қылмыстың жәбірленушісі тек қана әйел адам болып табылады. Сәйкесінше, 121, 122, 123, 124-баптарда қылмыстың жәбірленушісі- әйел адаммен қатар ер адам да болуы мүмкін. Қарастырылып отырған қылмыстардың субъектілері өзіндік ерекшеліктерге ие. Зорлау қылмыстарының субъектісі ретінде - ақыл есі дұрыс, қылмыс жасаған уақытта жасы 14-ке толған ер адам (арнайы субъект) ғана табылады. Әйел адам тек зорлауды бірге орындаушы немесе басқа да сыбайлас қатысушы (ұйымдастырушы, айдап салушы, көмектесуші) ретінде әрекет ете алады. Он төрт жасқа толған ер адамдар да, әйелдер де жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерінің субъектісі болуы мүмкін. Он алты жасқа толған адамдар жынысына қарамастан жыныстық сипаттағы әрекеттерге мәжбүрлегені үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Азғындық әрекеттердің субъектісі ер адам да, әйел адам да болуы мүмкін. Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынасқа түсу және жыныстық сипаттағы басқа да әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылыққа 16 жасқа толған ерлер мен әйелдер тартылуы мүмкін. Отандық криминалист Ю.М.Антонян «жыныстық сипаттағы қылмыстардың алдын алу тиімсіз және олар нашар ашылады деп есептейді. Қоғам, өз кезегінде, мемлекеттен бұндай қылмыстардың тиімді алдын алу шараларын күтеді және қылмыскерге тағайындалған жаза қылмыстың рецидивіне жол бермейтіндей болуы керек деп санайды ».

Кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстар жоғары деңгейдегі латенттілік сипатқа ие. Қылмыстың жәбірленушісі бала болғандықтан, ол өзінің физикалық күш-қуатының

жеткіліксіздігінен, қорқыныш пен үрей сезімдеріне бой алдыруынан өзіне қатысты жасалынып жатқан әрекеттерге қарсы тұруға қауқары жетпейді. Кәмелетке толмаған балалардың өз отбасында туған әкесінің не анасымен бірге тұратын басқа ер азаматтардың тарапынан жыныстық зорлық - зомбылықтың құрбандарына айналу деректері аз емес. Анасының баланың сөзіне сенбеуі, қоғамдық теріс пікірге қалудан қорқуы, ер адамнан материалдық не өзге де тәуелділікте болуы, кәмелетке толмаған балаға қылмыскер тарапынан көрсетілген психикалық қысым, баланың дәрменсіздігі - бұндай қылмыстар туралы құқық қорғау органдарына хабарланбай қалудың негізгі себептерін құрайды. Тіпті ұзақ уақыт араға салып бұндай қылмыстар туралы құқық қорғау органдарына хабарланғанымен іс бойынша дәлелдемелердің жеткіліксіз болуы немесе мүлде жойылып кетуінен кінәлі тұлғаны қылмыстық жауаптылыққа тартудың мүмкіндігі жоққа шығарылады.

Кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстар өзінің криминалдық сипаты жағынан жоғары белсенділік пен өте ауыр салдарларға ие, бұндай қылмыстар кез-келген жастағы кәмелетке толмаған қылмыстың құрбаны үшін тек физиологиялық қана емес, ауыр психологиялық салдарларға, атап айтсақ, қылмыстың құрбаны болған кәмелетке толмаған балада өз-өзіне қол жұмсау (қол жұмсауға әрекет жасау), агрессия, қатарлас құрдастарынан шеттелу мен терең депрессияға түсу, сабақ үлгерімінің күрт нашарлауы, үйден қашу, сабақты себепсіз босату, қоғамға жат топтарға кіру, жарақаттан кейінгі терең ақаулар (энурез, кекештік, түрлі фобиялар), садомазохистік тенденциялардың пайда болуы мен гомосексуалдық бағдардың өзгеруіне себеп болатын психоәлеуметтік дамуының толықтай бұзылуына алып келіп соғуы мүмкін.

Мәселені талдау барысында 2022-2023 жылдар бойынша еліміздегі кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау мақсатында құзыретті органдардың статистикалық мәліметтеріне жүгіндік. Нәтижесінде анықталғаны: 2022-2023 жылдар бойынша сотқа дейінгі тергеулердің бірыңғай тізілімінде (ЕРДР) кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қатысты тіркелген қылмыстық құқықбұзушылықтар саны – 2022 жылы - 706, 2023 жылы (қаңтар-тамыз айларында) - 591- ді құраған. Соның ішінде 2022 жылы - 725, 2023 жылы - 460 қылмыстық іс сотқа жіберілген.[7] Егер, ағымдағы жылдың аяқталуына әлі 2 айдың бар екендігін ескерсек 2023 жылдағы аталған баптардағы көрсеткіштер 2022 жылдан кем түспеуі мүмкін деген күмәніміз орынсыз емес.

Талқылау. Кәмелетке толмаған балалардың негізгі бір санаты - мүмкіндігі шектеулі балалар. ЮНИСЕФ есебіне сәйкес, 2021 жылы әлемде 240 миллион мүгедек бала бар деп есептелген. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметтері бойынша жыл сайын шамамен 10 миллион бала кәмелеттік жасқа толғанға дейін қайтыс болады немесе олардың өмір сүруі мен дамуы үшін жеткілікті

жағдайлар жасалмағандықтан, бес жасқа толғанға дейін физикалық немесе психикалық ауру болып қалады. [8, с.27]

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігінің 2022 жылғы статистикалық мәліметтеріне сүйенетін болсақ, елімізде 18 жасқа дейінгі мүгедек балалардың саны - 98254, оның ішінде Атырау облысында - 3922, Қызылорда облысында - 5513, Түркістан облысында - 14883, Шығыс Қазақстан облысында - 5593, Қостанай облысында - 3231, Алматы қаласында - 7841, Ақмола облысында - 3077, Жамбыл облысында - 6658, Маңғыстау облысында - 6601, Астана қаласында - 7188, Ақтөбе облысында - 4428, Батыс Қазақстан облысында - 2866, Павлодар облысында - 3123, Шымкент қаласында - 6663, Алматы облысында - 8953, Қарағанды облысында - 5478, Солтүстік Қазақстан облысында - 2236. [9]

Зерттеулер көрсеткендей, мүгедек балалардың дені сау балалармен салыстырғанда физикалық зорлық-зомбылыққа ұшырау ықтималдығы әдетте 3,6 есе және жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырау мүмкіндігі 2,9 есеге жоғары. Дегенмен, мүгедектіктің сипаты мен ауырлығы мүгедек баланың құқықбұзушылықтың құрбаны болу мүмкіндігіне әртүрлі дәрежеде ықпал етеді. Мысалы, интеллектуалдық/психоәлеуметтік кемістігі бар балалардың жыныстық зорлық-зомбылық пен қанаудың құрбаны болу ықтималдығы дені сау балаларға қарағанда 4,6 есе жоғары. Мұның бірқатар себептері бар. Мысалы, ақыл-ой кемістігі бар балаларға дұрыс мінез-құлық пен орынсыз мінез-құлықты ажырату қиын. Сол себепті, мұндай балалар өзіне жасалған жыныстық не өзге зорлық зомбылықты қалыпты, дұрыс әрекет ретінде қабылдауы мүмкін. Кейде зорлық-зомбылық көрсетушілер когнитивті немесе қарым-қатынасында ақаулары бар балаларды «жеңіл нысана» ретінде қарастырады, өйткені мұндай балалар зорлық-зомбылық туралы хабарлау кезінде қиындықтарға тап болады. Оның үстіне, мүгедек балалар «сенімділігі төмен» куәгерлер болып саналады. Бұл зорлық-зомбылық жасағандарды жауапқа тартуды қиындатады. Еуропадағы зорлық-зомбылық дағдарысы орталықтарынан жиналған деректер бұл орталықтарға келген мүгедектердің мүгедектігі жоқ адамдарға қарағанда «бірнеше жыныстық зорлық-зомбылықты бастан кешіру ықтималдығы жоғары» болғанын растайды. [10]

ЮНИСЕФ пайымдауынша әлемдегі 15-19 жас аралығындағы әрбір 20-шы қыз бала (13млн. жуық) өз өмірінде жыныстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған. [11]

Мүгедектікті, оның себептері мен мерзімдерін белгілеу тәртібі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен бекітілген медициналық - әлеуметтік сараптама жүргізу Ережесімен регламенттелген. Мүгедектік тобы елімізде бала 7-жасқа толған кезден бастап тағайындалады. Медициналық - әлеуметтік сараптама негізінде 7-жасқа дейінгі балаға –«мүгедектігі бар бала», 7-18 жас аралығындағы балаларға 1,2,3 топ мүгедектігі бар бала санаты тағайындалады. 7 жасқа дейінгі балаға мүгедектік - 6 ай, 1 жыл, 2 жыл, 5 жыл мерзімге немесе

7 жасқа толғанға дейін тағайындалады. 7 жастан 18 жасқа дейінгі балаға мүгедектік -6 ай, 1 жыл, 2 жыл, 5 жыл мерзімге немесе 18 жасқа толғанға дейін тағайындалады. Мүгедектік белгіленген бала осы кезеңдердің белгіленген мерзімінде қайта куәландырудан өтуге міндетті. [11]

Осы жерде біздің назарымызға ілінген маңызды жәйт, балаға мүгедектік тағайындалғаннан кейін оның келесі куәландыру мерзімінің келгенінше оның құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуының, бұзылмауының, отбасы мүшелері тарапынан зорлық – зомбылыққа ұшырамауының ешқандай мемлекеттік орган тарапынан жүйелі түрде қадағаланбауы. Денсаулықтың ерекшелігіне байланысты мүгедектіктің сипатының әртүрлі болатындығын ескерсек, терең психикалық және менталдық ауытқулары бар, тірек - қимыл аппараттарының терең бұзылысы бар (церебральді сал ауруы), саңырау және мылқау балалар (глухонемые) жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық қылмыстарының «нысанасына» оңай айналатыны анық. Терең психикалық және менталдық ауытқулары бар, тірек - қимыл аппараттарының терең бұзылысы бар (церебральді сал ауруының ауыр формасы) балалардың басым көпшілігі еліміздегі инклюзивті білім беру жүйесіне енгізілмегені жасырын емес. Олар психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия қорытындысымен үйден немесе арнайы білім беру мекемелерінде білім алады. Бұндай санаттағы балаларға қатысты жақын туыстары тарапынан, білім беру мекемесі қызметкерлері тарапынан жыныстық зорлық - зомбылық қылмыстары орын алған жағдайда ол туралы құқық қорғау органдарына хабарланбауы да мүмкін. Өкінішке орай, құзыретті органдардың статистикалық мәліметтерінен біз мүгедек балаларға қатысты тіркелген қылмыстық істерді мүлде таба алмадық. Мүмкіндігі шектеулі балалар санаты статистикалық мәліметтерде жеке бөліп қарастырылмағандықтан оларға қатысты жасалынатын қылмыстардың сипатына көз жүгіртуде мүмкін болмады. Бұл – мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтарын қорғау механизмін әлі де болса жетілдіру қажеттігінің белгісі деп санаймыз.

2022 жылдың 14 шілдесі күні Үкіметтің кеңейтілген отырысында мемлекет Басшысы балаларды зорлық-зомбылықтан, суицидтен қорғау және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз етудің 2023-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспарын әзірлеуді ұсынды. Оқу - ағарту министрлігінің хабарлауынша кешенді жоспарда келесі бағыттағы бірқатар шаралар қарастырылған:

- балалардың құқықтары мен мүдделерін сақтау бойынша адамдардың жауапкершілігін қатаңдату;
- білім беру ұйымдарын қорғаудың кешенді жүйесімен қамтамасыз ету;
- балалар арасында балаларға қатысты зорлық-зомбылық, құқық бұзушылық және суицид деңгейін төмендету, оның ішінде психологиялық қызметті күшейту;

- дағдарыс жағдайынан шығу бойынша балаларға білікті көмек көрсету;

- балалар арасында жолдарда, суда болуы мүмін оқиғаларға жол бермеу, өрттің алдын алу, балаларға жануарлардың шабуыл жасауы, балалардың терезеден құлауының алдын алу;

- балалар мен ата-аналардың құқықтық сауаттылығын арттыру, балалар мен ата-аналар қатынастарын нығайту жөніндегі ақпараттық-түсіндіру қызметін ұйымдастыру. [12]

Байқағанымыздай, Кешенді жоспарда мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтарын қорғау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі назардан тыс қалып қойған.

Зерттеулерге сүйенсек, балаларға қатысты жасалынатын зорлық-зомбылық қылмыстарының 69% ата-анасы ішкілікке салынған не есірткі заттарды жүйелі не жиі қолданатын отбасы мүшелерінің тарапынан орын алады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы да алкогольге және есірткіге тәуелділікті, отбасының қаржылық жағдайының төмендігін, ата-аналарының (немесе біреуінің) бала күнінде зорлық-зомбылықтың құрбандары болу оқиғаларын – балаларға қатысты зорлық-зомбылық әрекеттеріне барудың тәуекелді факторы ретінде қарастырады. [13] Ата-анасы қоғамға қарсы өмір салтын ұстанатын балалардың мінез-құлқында жиі елеулі ауытқулар орын алады, яғни, олар өзге балалармен салыстырғанда қатыгездік және зорлық-зомбылыққа жақын болады.

Елімізде балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін басты мемлекеттік орган – қамқоршылық және қорғаншылық органдары. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы «Мемлекеттік қамқоршылық және қорғаншылық жөніндегі функцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №382 қаулысының (ары қарай- Қаулы) 2-тарауы, 7-бөлігі, 5-тармағында «Орган баланың өміріне немесе денсаулығына тікелей қатер төнген жағдайда ауданның, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының актісі негізінде сот шешімі қабылданғанға дейін баланы ата-анасынан немесе ол қамқоршылығында жүрген өзге адамдардан дереу айырып алуды жүзеге асырады» деп көзделген. [13] Бұл - қамқоршылық және қорғаншылық органдарының атқаратын қызметінің бір ғана бағыты. Аталған қаулыда қамқоршылық және қорғаншылық органдары қызметінің 19 бағыты көрсетілген. Мәліметтерге сүйенсек, 2021 жылы елімізде қамқоршылық және қорғаншылық органдарында бар жоғы 299 маман қызмет жасаған. Орташа есеппен 1 маманға 17 000 баладан келген.

Аталған органдардағы мамандар саны мен Қаулыда көрсетілген 19 қызмет бағытын назарға алсақ, қамқоршылық және қорғаншылық органдары қолайсыз отбасында тәрбеленіп жатқан балаларға (сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі балаларға) қатысты отбасы мүшелері тарапынан орын алатын зорлық-зомбылық әрекеттері туралы мүлде бейхабар болуы мүмкін.

Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қай уақытта болмасын өзекті. Бұл тек мемлекеттің ғана емес, әрбір саналы азаматтың, жалпы қоғамның міндеті болуы шарт. Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарын, соның ішінде жыныстық қол сұғылмаушылыққа деген құқықтарын қорғау саласындағы мемлекетте атқарылып жатқан заңнамалық шараларға қарамастан бұл мәселе әлі де болса өткір болып тұр.

2023 жылдың қыркүйек айындағы Қазақстан халқына жолдауында Президент еліміздегі кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігі мәселесін назарынан тыс қалдырмады. Өз сөзінде Мемлекет басшысы «Толыққан тұлға мен саналы азаматтың қалыптасуының іргетасы бала кезінен қаланады. Еліміздегі әрбір баланың бақытты да қауіпсіз балалық шағы болуы керек. Мен Мемлекет басшысы ретінде кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың кез келген түрі үшін жазаны күшейтуді талап етемін» деді. [14] Президенттің бұл мәселеге ерекше тоқталуы негізсіз емес.

Нәтижелер мен қорытынды. Зерттеу жұмысы барысында атап өткендей, аталған қылмыстардың өзектілігі мен латентті сипатын ескере отырып төмендегідей шешу жолдары ұсынылады:

1. Қамқоршылық және қорғаншылық органдарының қолайсыз отбасында тәрбиеленіп жатқан кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы ролін арттыру. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін қорғаншылық және қамқоршылық органдары қызметкерлерінің санын көбейту. Олардың білім беру ұйымдарымен тығыз қарым қатынаста болуын қамтамасыз ету.

2. Білім беру ұйымдарындағы психолог мамандардың штаттық санын көбейту. Қазақстан Республикасы балалардың құқықтарын қорғау Комитетінің хабарлауынша елімізде бір мектеп психологына 2000 баладан келеді екен. Психологтың қызметіне балаларға диагностика жасау, түзету және профилактикалық жұмыстарды жүргізу, кеңестер беру, журналдарды жүргізуден бөлек, түрлі папкаларды, хаттамаларды толтыру мен фото - есептерді жүргізу кіреді. Халықаралық тәжірибеде бір мектеп психологына 500 баладан келеді. Елімізде байқағанымыздай мектеп психологтарына келетін жүктеменің нормадан тыс болғандығынан олардың практикалық сағаттарды жүргізуге физикалық мүмкіндіктері жоқ. Бұл жүктеме - психологтардың мектептегі кәмелетке толмаған балалармен жүргізілуі тиіс ең басты қызметтеріне кедергісін тигізуде.

3. Мүмкіндігі шектеулі балаларды, соның ішінде, жалпы білім беру жүйесіне енгізілмеген, үйден оқытылатын және арнайы білім беру мекемелеріне орналастырылған (терең психикалық және менталдық ауытқулары бар, тірек - қимыл аппараттарының терең бұзылысы бар (церебральді сал ауруының ауыр формасы) балаларды мүгедектікке өтудің белгіленген кезеңіне дейінгі уақытта міндетті түрде бақылауды жүзеге асыру.

Бұл қызметті жергілікті өзін-өзі басқару органдары бала тіркелген денсаулық сақтау мекемесімен бірлесе отырып жүзеге асырулары қажет.

4. Балаларды зорлық-зомбылықтан, суицидтен қорғау және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз етудің 2023-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспарына «мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мақсатында мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған ата-ананың, олардың орнын алмастырушы өзге де адамдардың, осындай балалар тәрбиеленіп жатқан мемлекеттік мекемелердегі жауапты тұлғалардың жауапкершілігін қатаңдату» нормасымен толықтыру қажет деп санаймыз.

5. Мүмкіндігі шектеулі балаларға қатысты орын алған қылмыстық құқықбұзушылықтардың түрлерін анықтап, қажетті заңнамалық шараларды қабылдау мақсатында ҚР құқықтық статистика және арнайы есеп Комитетінің ашық деректер базасында мүмкіндігі шектеулі балалардың арнайы есебін жүргізу. Бұл шара – мүмкіндігі шектеулі балалардың халықаралық құқық нормаларына сәйкес құқықтары мен қауіпсіздіктерін қорғауды жүзеге асырудағы мемлекеттік саясаттың бағытын нақты анықтауда аса қажет деп санаймыз.

МҒТАР 10.87.27; 10.77.51

Әдебиеттер тізімі

1. В Казахстане проживает почти 6,5 млн детей // [Электрондық ресурс] - <https://www.zakon.kz/sobytiia/6015880-v-kazakhstane-prozhivaet-pochti-65-mln-detei.html>

2. Международный пакт о гражданских и политических правах. Принята резолюцией 2200 А (XXI) Генеральной Ассамблеи от 16 декабря 1966 года // [Электронный ресурс] – https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pactpol.shtml

3. Декларация прав ребенка. Принята резолюцией 1386 (XIV) Генеральной Ассамблеи ООН от 20 ноября 1959 года // [Электронный ресурс] - https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/childdec.shtml

4. Конвенция о правах ребенка. Принята резолюцией 44/25 Генеральной Ассамблеи от 20 ноября 1989 года // [Электронный ресурс] - https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_9959/

5. М.Ю. Краева, Л.Э. Зотова. Профилактика и выявление насилия над детьми в замещающих семьях. – Москва, 2017. - 130 с.

6. Ekberova E. ООН: дети с инвалидностью по-прежнему отстают в доступе к образованию // [Электронный ресурс] - <https://www.aa.com.tr/ru/мир/оон-дети-с-инвалидностью-по-прежнему-отстают-в-доступе-к-образованию/2417670>

7. Насилие над детьми чаще всего происходит внутри семьи. В России родственники совершают 39% изнасилований и убийств несовершеннолетних // [Электронный ресурс] - [https://tochno.st/materials/nasilie-nad-detmi-chashche-](https://tochno.st/materials/nasilie-nad-detmi-chashche)

vsego-proiskhodit-vnutri-semi-v-rossii-rodstvenniki-sovershayut-39-iznasilovaniy-i-ubiystv-nesovershennoletnikh

8. Почти три тысячи подростков забеременели в прошлом году в Казахстане : <https://www.nur.kz/society/1935388-pochti-tri-tysyachi-podrostkov-zaberemeneli-v-proshlom-godu-v-kazahstane/>

9. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Экономический курс Справедливого Казахстана» // [Электронный ресурс] -

<https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-ekonomicheskii-kurs-spravedlivogo-kazahstana-18588>

10. Ekberova E. ООН: дети с инвалидностью по-прежнему отстают в доступе к образованию // <https://www.aa.com.tr/ru/мир/оон-дети-с-инвалидностью-по-прежнему-отстают-в-доступе-к-образованию/2417670> (дата обращения: 09.11.2023)

11. Об утверждении Правил проведения медико-социальной экспертизы. Приказ заместителя Премьера-Министра –Министра труда и социальной защиты населения РК от 29.06.2023 года №260 // [Электронный ресурс] - <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300032922> (дата обращения: 09.11.2023)

12. Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау бойынша кешенді жоспар әзірленді // [Электронный ресурс] - <https://egemen.kz/article/336783-balalardy-zorlyq-zombylyqtan-qorghau-boyynsha-keshendi-dgospaz-azirlendi>

13. Мемлекеттік қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзгег асыру қағидаларын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы №382 қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000382> (дата обращения 04.10.2023)

References

1. Kazahstane prozhivaet pochti 6,5 mln detej // [Elektronnyy resurs] - <https://www.zakon.kz/sobytiia/6015880-v-kazahstane-prozhivaet-pochti-65-mln-detei.html>

2. Mezhdunarodnyj pakt o grazhdanskikh i politicheskikh pravah. Prinyata rezolyuciej 2200 A (XXI) General'noj Assamblei ot 16 dekabrya 1966 goda// [Elektronnyj resurs] – https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pactpol.shtml

3. Deklaraciya prav rebenka. Prinyata rezolyuciej 1386 (HIV) General'noj Assamblei OON ot 20 noyabrya 1959 goda // [Elektronnyj resurs] - https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/childdec.shtml

4. Konvenciya o pravah rebenka. Prinyata rezolyuciej 44/25 General'noj Assamblei ot 20 noyabrya 1989 goda // [Elektronnyj resurs] - https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_9959/

5. М.Ю. Краева, Л.Е. Zotova. Profilaktika i vyyavlenie nasiliya nad det'mi v zameshchayushchih sem'yah. – Moskva, 2017. - 130 s.

6. Ekberova E. OON: deti s invalidnost'yu po-prezhnemu otstayut v dostupe k obrazovaniyu // [Elektronnyj resurs] - <https://www.aa.com.tr/ru/mir/oon-deti-s-invalidnost'yu-po-prezhnemu-otstayut-v-dostupe-k-obrazovaniyu/2417670>

7. Nasilie nad det'mi chashche vsego proiskhodit vnutri sem'i. V Rossii rodstvenniki sovershayut 39% iznasilovaniy i ubijstv nesovershennoletnih // [Elektronnyj resurs] -<https://tochno.st/materials/nasilie-nad-detmi-chashche-vsego-proiskhodit-vnutri-semi-v-rossii-rodstvenniki-sovershayut-39-iznasilovaniy-i-ubiystv-nesovershennoletnikh>

8. Pochti tri tysyachi podrostkov zaberemeneli v proshlom godu v Kazahstane : <https://www.nur.kz/society/1935388-pochti-tri-tysyachi-podrostkov-zaberemeneli-v-proshlom-godu-v-kazahstane/>

9. Poslanie Glavy gosudarstva Kasym-Zhomarta Tokaeva narodu Kazahstana «Ekonomicheskij kurs Spravedlivogo Kazahstana» // [Elektronnyj resurs] - <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-ekonomicheskij-kurs-spravedlivogo-kazahstana-18588>

10. Ekberova E. OON: deti s invalidnost'yu po-prezhnemu otstayut v dostupe k obrazovaniyu // <https://www.aa.com.tr/ru/mir/oon-deti-s-invalidnost'yu-po-prezhnemu-otstayut-v-dostupe-k-obrazovaniyu/2417670>_(data obrashcheniya: 09.11.2023)

11. Ob utverzhdenii Pravil provedeniya mediko-social'noj ekspertizy. Prikaz zamestitelya Prem'era-Ministra –Ministra truda i social'noj zashchity naseleniya RK ot 29.06.2023 goda №260 // [Elektronnyj resurs] - <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300032922>_(data obrashcheniya: 09.11.2023)

12. Balalardy zorlyq-zombylyqtan qorqau bojynsha keshendi zhospar azirlendi // [Elektronnyj resurs] - <https://egemen.kz/article/336783-balalardy-zorlyq-zombylyqtan-qorghau-bojynsha-keshendi-dgospar-azirlendi>

13. Memlekettik qorqanshylyq zhәне qamqorshylyq zhөnindegi funkciyalaryn zhyzgeg asyru qaridalaryn bekitu turaly QR Ykimetiniң 2012 zhylfы 30 nauryzdaғы №382 qaulysy <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000382> (data obrashcheniya 04.10.2023)